

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 шілдедегі N 911 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 19 маусым N 921

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында тікелей инвестицияларды тартудың 1999-2000 жылдар кезеңіне арналған бағдарламасы және Қазақстан Республикасында тікелей инвестицияларды тартудың 1999-2000 жылдар кезеңіне арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 шілдедегі N 911 Р990911_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 32-33, 291-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында тікелей инвестицияларды тартудың 1999-2000 жылдар кезеңіне арналған бағдарламасында:

2-тараудың 2.2-тармағының 14-абзацы алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында тікелей

инвестицияларды тартудың 1999-2000 жылдар кезеңіне арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарында:

реттік нөмірі 12-жолда:

"Іс-шара" деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Алматы және Қарағанды қалаларында мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар құру";

"Атқарылуына жауапты министрліктер мен ведомстволар" деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділет министрлігі, Жоғарғы Сот (келісім бойынша)";

"Орындау мерзімі" деген бағандағы "1999-2000 ж. ж." деген сөздер "2000 ж." деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қасымбеков Б.А.

Орынбекова Д.Қ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ